

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттер кеден қызметтерінің ақпараттық өзара іс-қимылының бірыңғай принциптері туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 ақпандағы № 105 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мәскеуде 2009 жылғы 9 маусымда қол қойылған Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттер кеден қызметтерінің ақпараттық өзара іс-қимылының бірыңғай принциптері туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министр К. Мәсімов

**Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттер кеден қызметтерінің ақпараттық өзара іс-қимылының бірыңғай принциптері туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа (ЕурАзЭҚ) мүше мемлекеттердің үкіметтері,

1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартты және 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шартты басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттер кеден қызметтерінің ақпараттық өзара іс-қимылын жетілдіру және олардың қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпаратпен тұрақты алмасуды ұйымдастыру үшін нормативтік құқықтық базаны құру негізінде Тараптар мемлекеттерінің экономикалық мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің аумақтары арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізуді жеделдету мен оңайлату үшін жағдай жасау мақсатында,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімде көзделген ақпараттық өзара іс-қимыл кедендік ресімдеу және кедендік бақылау мәселелері бойынша өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың кешенін білдіреді.

Ақпараттық өзара іс-қимылды Тараптардың әрқайсысы мемлекетінің заңнамасында белгіленген өз функцияларын орындау тиімділігін арттыру мақсатында Тараптар мемлекеттерінің орталық кеден органдары жүзеге асырады.

2-бап

Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл Тараптардың әрқайсысы мемлекетінің заңнамасын сақтай отырып жүзеге асырылады.

Ақпараттық өзара іс-қимылды ұйымдастыру кезінде Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері Тараптардың мемлекеттері үшін қолданыстағы кедендік рәсімдерді оңайлату мен үйлестіру жөніндегі халықаралық шарттардың ережелерін ескереді.

3-бап

Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Осы Келісімге сәйкес ақпараттық өзара іс-қимылды ұйымдастыру үшін қажетті техникалық және бағдарламалық құралдарды пайдалануды Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері дербес қамтамасыз етеді.

4-бап

Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері ақпараттық өзара іс-қимылды Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитеті жанындағы Кеден қызметтерінің басшылары кеңесінің 2003 жылғы 21 наурыздағы № 172 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің ақпараттық ресурстарымен алмасу жүйесін құрудың тұжырымдамалық негіздерінің ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

5-бап

Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері берілетін ақпараттың құрамын, форматын, құрылымын, сондай-ақ оны берудің регламентін екі жақты және көп жақты негізде келіседі.

Осы Келісімге сәйкес ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін қажетті есептеу техникасына, бағдарламалық құралдарға және байланыс құралдарына қойылатын талаптар Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың техникалық шарттарымен айқындалады.

6-бап

Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде:

ақпараттық өзара іс-қимылға әсер ететін бағдарламалық-техникалық және ақпараттық-технологиялық шешімдер туралы тұрақты өзара хабарландыруды; берілетін ақпараттың дұрыстығы мен объективтілігін және қажет болған жағдайда оған түзетулер мен нақтылауларды жедел енгізу мүмкіндігін; қандай да бір күтпеген жағдайлар туындаған жағдайда, оны берудің регламентіне сәйкес ақпаратты беру немесе қабылдау мүмкін еместігі туралы өзара ескертудің уақтылылығын;

өзара алмасу тәртібімен алынған ақпаратты тек осы Келісімнің мақсаттарында ғана пайдалануды;

өзара алмасу нәтижесінде алынатын ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғалардың шеңберін шектеуді, ал құпия деректерді беру кезінде - ақпаратты қорғауды қамтамасыз етудің ақпараттық-бағдарламалық құралдарын пайдалануды қамтамасыз етеді.

7-бап

Тараптар мемлекеттерінің, кеден қызметтері ақпарат алмасуды олардың құзыреті шегінде және Тараптардың әрқайсысы мемлекетінің, заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері ақпараттық өзара іс-қимыл нәтижесінде алынған ақпаратқа қатысты құпиялықты сақтауға кепілдік береді.

Тараптар ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыруға дайын екендігі туралы бір бірін жазбаша хабардар етеді.

Электрондық цифрлық қол қоюды пайдалана отырып, ақпараттық өзара іс-қимыл жасау тәртібін Тараптар олардың арасындағы жекелеген келісіммен айқындайды.

8-бап

Тараптар өзара келісім бойынша осы Келісімнің 11-бабында көзделген тәртіппен жекелеген хаттамалармен ресімделетін және күшіне енетін өзгерістер енгізе алады.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар консультациялар және келіссөздер жолымен шешеді, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың сотына қарауға беріледі.

10-бап

Күшіне енгеннен кейін осы Келісім Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа кірген басқа мемлекеттердің оған қосылуы үшін ашық. Осы Келісімге қосылу туралы құжаттар депозитарийге сақтауға тапсырылады.

Қосылған мемлекеттерге қатысты осы Келісім қосылу туралы құжатты депозитарий алған күнінен бастап күшіне енеді.

11-бап

Осы Келісім Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитеті болып табылатын депозитарий Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісімді Тараптар белгісіз мерзімге жасайды. Тараптардың әрқайсысы депозитарийге өзінің мұндай ниеті туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімнен шығуға құқылы. Мұндай Тарап үшін осы Келісімнің қолданылуы депозитарий жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап 12 ай өткеннен кейін тоқтатылады.

Осы Келісімге сәйкес алынған ақпаратты қорғау жөніндегі міндеттеме оның қолданысы тоқтатылғандығына немесе қандай да бір Тараптың одан шығуына қарамастан күшінде қалады.

Мәскеу қаласында 2009 жылғы 9 маусымда бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды.

Түпнұсқа дана Тараптарға оның куәландырылған көшірмесін жіберетін депозитарийде сақталады.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	
<i>Ресей</i>		<i>Тәжікстан</i>
<i>Федерациясының</i>		<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	

Осымен 2009 жылғы 9 маусымда Мәскеу қаласында қол қойылған Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттер кеден қызметтерінің ақпараттық өзара іс-қимылының бірыңғай принциптері туралы келісімнің куәландырылған көшірмесінің осы аудармасы орыс тіліндегі мәтінге сәйкес келетінін куәландырамын.

	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасы</i>
	<i>Қаржы</i>	<i>министрлігі</i>
	<i>Кадр</i>	<i>жұмыстарын</i>
	<i>және</i>	<i>үйлестіру</i>
	<i>бақылау</i>	<i>департаментінің</i>
<i>Басқарма бастығы</i>	<i>Б. Ахметжанова</i>	

2009 жылғы 9 маусымда Мәскеу қаласында кол қойылған Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінде ақпараттық технологияларды қолданудың бірыңғай тәсілдері туралы келісімінің куәландырылған көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы</i>
	<i>С ы р т қ ы</i>	<i>і с т е р</i>
	<i>Х а л ы қ а р а л ы қ</i>	<i>м и н и с т р л і г і</i>
	<i>қ ұ қ ы қ</i>	<i>д е п а р т а м е н т і н і ң</i>
<i>Басқарма бастығы</i>	<i>Б. Пискорский</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК